

КМҚК №33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы

**Білім беру саласы: «Таным»
Оқу қызметі: «Математика негіздері»
Тақырыбы: «Қызықты математика әлеміне саяхат»**



**«Ханшатыр» мектепалды даярлық тобы
Тәрбиеші: Салыкова Светлана**

2022 оқу жылы

Бекітемін:

Білім беру саласы: «Таным»

Оқу қызметі: «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Қызықты математика әлеміне саяхат»

Мақсаты: Өткен тақырыптарды қайталау. Кеңістікті бағдарлауды пысықтау. 10 сан көлемінде сандық есептеуге үйрету. Сандарды тура және кері санау. Балалардың тілін дамыту, іс-әрекет дағдыларын меңгерту, геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын тиянақтап, тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік құралдар: Пішіндер, сандар, ақ парақтар, АКТ құралы, суретті тапсырмалар

Барысы: Балалар, қарандаршы бізге өте әдемі сәлемдеме келді. Ашып қарайық. Ішінде бізге арналған хат бар екен. Қане ашып көрейік. Хат математика әлемінен ханшайымнан келген екен. Ханшайым бізді оқу жылының аяқталуымен құттықтай отырып, бізді математикалық қызықты ойынға қатысуымызды сұрайды. Баллаар, қатысқыларың келе ме?

1-тапсырма «Тез ойлап, жауап бер»

-Бүгін аптаның нешінші күні?

-Кеше нешінші күн болды?

-Ертең нешінші күн болады?

-Аптада неше күн бар?

-Демалыстан кейін аптаның нешінші күні басталады?

-Қыстан кейін қандай жыл мезгілі келеді?

-Көктемде неше ай бар?

-Қазір нешінші айы көктемнің?

2-тапсырма «Өз орныңды тап»

Балаларға сандар жазылған карточка беріледі. Балалар санның реті бойынша қатарға тұрады. Ретімен тура және кері санайды.

3-тапсырма Ойын «Көршісін ата»

Сергіту сәті.

4-тапсырма «Кеңістің бағытын ажырату»

Балаларға кеңістік бағыттарын тақтадан көрсетіп ажыратуға тапсырма беріледі. Осы карточкаға қарап кеңістік бағыттарын ажыратады.

Ойын: «Тапсырманы орында»

5-тапсырма «Пішіндер көпірі»

Балаларға берілген карточкада әр пішіннің суреті салынған. Сол пішінге қарап тапсырманы орындау

Қорытынды:

- Балалар, бүгінгі сабақ ұнады ма? Бүгінгі сабақтан алған әсерлерің қандай? Не істедің?

– Қалай ойлайсыңдар ең көп жауап берген, белсенді қатысқан балалар кімдер?

-Математика ханшайымы бізге мынадай сыйлық беріп жіберіпті.
Балаларды мадақтау.